

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ



28 қарашада әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ректорат мәжілісі мен Ғылыми кеңесінің кезектен тыс мәжілісінің отырысы өтті. Мәжілістің күн тәртібінде үш негізгі мәселе қаралып, Ғылыми зерттеу институттарының және басқа да мекемелердің басшыларымен ұшжақты келісімшарттарға қол қойылды. Сондай-ақ әдеттегідей университет және университет өкілдері атына келген марапат хаттар мен дипломдар тапсырылды.

Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімшарттар негізінде болашақта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен Қазақстан Республикасы стратегиялық зерттеулер институты, Сертификатталған бухгалтерлер мен аудиторлардың Евразиялық кеңес және Республикалық «Саяси зерттеулер ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі етене жұмыс істемек. Бұл келісімдер алдағы уақытта білікті мамандар мен сапалы жобаларды жүзеге асыруда өзінің оң бағасын береді деп күтілуде. Сондай-ақ, мәжілісте

қара шаңыраққа қатысты марапаттар мен үздік студенттерге тағайындалған демеушілердің студенттік шәкіртақылары да өз иелерін тапты.

Салтанатты рәсімдерден кейін Ғылыми кеңес күн тәртібіне ойысқан мәжіліс мүшелері Ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректор Тілекқабил Рамазановтың баяндамасын тыңдады. Онда проректор әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуының индикативті жоспарындағы ғылыми-инновациялық жұмыс бағыты: оның жүзеге асырылуына талдау мен алдағы

мақсаттары жайында ой бөлісті. Тілекқабил Рамазанов стратегиялық бағыттар университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін дамыту сияқты үш бағыты қамтитындығын тілге тиек етті. Бұл орайда алда негізгі бес міндет тұрмақ. Олар ғылыми-зерттеу қызметін дамыту, заманауи ғылыми инфрақұрылымды құру, ҒЗЖ нәтижелерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, оның аймақта, республикада және халықаралық дәрежеде сұранысын арттыру, университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық әлеуетін арттыру (кадрларды даярлау) және оқу үдерісін ғылыми-инновациялық қызметтермен біріктіру міндеттері. Оқытушы-профессорлар құрамы оған қатысты ғылым-білімді дамытудың талаптарын жан-жақты талқылады.

(Жалғасы 3-бетте)

22 қарашада әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде белгілі ғалым-экономист, академик, қоғам қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, БЖҒМ Ғылым комитеті Экономика институтының директоры, Қазақстан Ғалымдар одағының президенті Оразалы Сәбденнің Қазақстан Республикасының 20 жылдық тәуелсіздігіне орай 21 томдық «Экономика» таңдамалы еңбегінің тұсаукесер рәсімі өтті.

## «ЭКОНОМИКА» КӨПТОМДЫҒЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Көптомдықта Қазақстан Тәуелсіздігі қалыптасуының алғашқы қиын жылдарынан бастап экономиканың маңызды табыстарға жеткен күндері қарастырылған. Кітап болашақтағы экономиканың негізін құру, жаңа технологиялар, идеялар мен тәсілдерді қолдану, инновациялық даму және бәсекеге қабілеттілікті көтеру, өндірісті модернизациялау және диверсификациялау сияқты мазмұнды қамтыған. Сондай-ақ қазақ және орыс тілінде жарық көрген кітапқа фундаменталды монографиялар, оқулықтар, мақалалар жинағы, сонымен қатар еліміздің Президентіне, Қазақстан Үкіметіне және Парламентіне жазылған хаттар енген. Тұсаукесер барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов: «Белгілі қоғам қайраткері Оразалы Сәбденнің «Экономика» көптомдығы – көп жылғы жинақталған, жүйеленген еңбектердің жемісі. Жас ғалымдарға, магистранттарға, докторанттарға және экономистер үшін таптырмас құнды дүние. Мұнда ел тәуелсіздігінің қалыптасуы, өркендеуі кеңінен қарастырылған», деген пікірімен бөлісті.

(Жалғасы 2-бетте)

### ТАЛҚЫ

## НӘСІЛДІК МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің «Әл-Фараби» ғылыми-зерттеу орталығы, «Дінтанулық зерттеулер және экспертиза» орталығы мен Ұлттық журналистік зерттеу орталығы бірлесіп, Алматы қалалық ішкі саясат басқармасының қолдауымен нәсілдік кемсітудің барлық түріне қарсы бағытта дөңгелек үстел мәжілісін өткізді.

Дөңгелек үстелге Алматы қаласы Дін істері департаментінің директоры Ершат Оңғаров, АҚШ-тың Огайо университетінің профессоры Джеймс Патрик, Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы діни оқу-ағарту бөлімінің меңгерушісі Смайыл Сейтбеков, мешіт істері бөлімінің меңгерушісі Ербол Сағиұлы, уағыз-насихат бөлімінің қызметкері Ұтысхан Алтынбек және ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің деканы, профессор Әлия Масалимова, философия және саясаттану факультетінің оқытушы-профессорлары мен еліміздің белгілі ғалымдары қатысты.

(Жалғасы 2-бетте)

### ШАРА

## ТЕГІМІЗДІ ТАЗА САҚТАЙЫҚ

Жақында биология және биотехнология факультетінде «Тегімізді таза сақтайық» атты 1-4 курс бакалавр студенттері мен магистранттары арасында пікір сайыс өтті. Пікір сайысқа студенттер ғана емес, биофизика мен биомедицина кафедрасының профессоры, б.ғ.к. Н.Торманов б.ғ.к., доцент З.А. Асқарова, б.ғ.к., доцент Г.Т. Сраилова және кафедраның басқа да оқытушы-профессорлар құрамы қатысып, жастарға ақыл-кеңестерін айтып, студенттердің сұрақтарына жауап берді.

Пікір сайыс қатысушылары тектілік адам бойындағы асыл қасиеттердің парасаттылықтың үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастықпен берілуін атайды. Тектілік құбылысы адамда кездейсоқ қалыптаспайтынын, ата-бабалардан берілетін дүниетанымдық, ділдік, психологиялық, т.б. бейімділіктері болуға тиістілігін атады. Дегенмен кез келген адамның әлеуметтік ортада өзін жақсы жағынан көрсете білуге, өзін жетілдіру арқылы белгілі бір қоғамдық дәрежеге жету мүмкіндігі жоққа шығарылмайтындығын да ескертті. Осы орайда профессор Нұртай Торманов: «Тектілік гендік түрде берілетін

биологиялық қасиет қана емес. Өзінің жеке басының кемшіліктерімен күреспеген жанға халықтың қырағы көзі өз бағасын беріп отырған. Сондықтан қандай текті жерден шыққанмен де өмірде өз жолын таба алмай, жеке басы мүддесінің аясынан аса алмаушылықты тектілік деп танымаған. Яғни, тектіліктің негізгі өлшемдерінің бірі абыройлы азаматқа айналу болып табылады. Осыған орай халық арасында «Жаманнан жақсы туады адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады бір аяқ асқа алғысыз» деген қанатты сөз айтылады» деген тұжырымын жеткізді.

Тектілік адамның ізгілікке, баянды мақсаттарға ұмтылып, жақсы үлгі-өнеге қалдыруынан көрінеді. Нағыз тектілік сыпайылықтан, шешімпаздықтан, мейірбандықтан көрініп, осы ізгі ниетпен ешкімді төмендетпей, шеттетпей биіктеуге мүмкіндік береді. Халқының, Отанының мүддесін жоғары қоя білген адамдардың қатары көбейген сайын тектіліктің де қадірі артып, қоғамдағы қайшылықтар шешімі жеңілдейді деген басты ұғымдарды факультеттің аға буын өкілдері жастар санасына сіңірді.

Пікір сайыста факультет студенттері Динара Мирзалиева өз баяндамасын оқып, Ақбота Темірбаева, Нағима Сейдалиева, Ұлжан Қадылбек, Жанар Абдрахманова және т.б. студенттер өз ойларымен бөлісті. Пікір сайыстың соңын 2 курс студенті Омар Ізбасар тектілік туралы өлең жолдарымен қорытындылады.

(Жалғасы 4-бетте)

## Халықаралық мәселелер қаралды

(Басы 1-бетте)

Ал бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев Вебметрия бойынша семинар қорытындыларын хабарлап, семинардан алар тәжірибені, қолданысқа енгізер әдістерді жіктеп көрсетті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың сайты университеттің оқу үдерісі, ғылыми қызметі, білім және технологияны жеткізу, халықаралық ынтымақтастық, қоғаммен байланыс сияқты барлық мақсаттарды кеңейтілген түрде қамту керек. «Сондықтан сайттың барлық бетінде университеттің аты толық көрсетілуі тиіс. Сондай-ақ, мамандық атауы және терминдер анық жазылып, сайт тұтынушысына бірден түсінікті болатындай деңгейде жазылуы қажет. Ескі құжаттарды да жоймай, сақтап қою тиімді. Сайт тек қана бір доменді иелену керек әйтпегенде, рейтингтік агенттіктер бұл екі университет деп қабылдауы мүмкін» деген ойын ортаға салды бірінші проректор. Мұхамбетқали Бүркітбаев атап өткендей университет ғалымдары, докторанттар және студенттер өздерінің жеке электронды поштасын «gmail.com», «yahoo.com», «mail.ru» негізінде емес, «kaznu.kz» түрінде құрғаны аб-



зал. Бұдан өзге мәжілісте университет сайтының дәрежесін халықаралық деңгейде көтеру үшін қандай талаптардың ескерілуі қажеттігі талқыға салынды. Көтерілген мәселеге қатысты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Ғалым Мұтанов айтылған талаптарға жету жолында барлық игі жағдайларға қолдау болатындығын жеткізді.

Ғылыми кеңес мәжілісіндегі өзге де тақырыптарға байланысты Халықаралық қыпшақтану институтының жұмысы жөнінде

институт директоры Болат Ешмұхамбетұлы егжей-тегжейлі хабарлап, орталықтың алдағы күндері біршама жобаларды жүзеге асыруға тас түйін дайын екендігін, осы орайда арнайы гранттарды жеңіп алуға талапталып жатқандығын жеткізді. Сонымен қатар, мәжілісте «Үздік оқытушы» байқауына барлық талаптарға сай келетін ҚазҰУ-дың 111 оқытушысы іріктеліп алынғандығы белгілі болды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

ТҰСАУКЕСЕР

## «Экономика» көптомдығы жарық көрді

(Басы 1-бетте)

Осы кезекте әл-Фараби атындағы ҚазҰУ экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Баян Ермекбаева: «Бұл «Экономика» таңдамалы көптомдық еңбегі - студенттерге, жас мамандар мен докторанттарға, жас ғалымдарға кәсіби және ғылыми бағыт-бағдар болатын құнды еңбек», деген пікір білдіріп, тәуелсіз Қазақстанның әр азаматы үшін қалыптасу мен даму жолдарын бағамдайтын бағдаршам деген ой айтты.

Ал Оразалы Сәбден: «21 томдық Қазақстан қандай ел, болашағы қандай, қандай өзгерістер болады және жаһандық үдерістерге қалай жауап беру керек деген сұрақтарға жауап береді. Ел алға жылжу үшін күнкөріс жағдайы, тұрғын үй мәселесі, еңбек төлемақысы сияқты жағдайларды онтайландыруымыз қажет. Осы тақырыптар кітап мазмұнын ашады. Өнімді өзіміз өндірмей, өспейміз. Міне, болашаққа арналған экономикалық даму сатылары



осы томдықтарда нақты көрсетілген», - дейді. Сондай-ақ автор экономист-ғалым мемлекеттік деңгейде 3 аудит құрылу қажеттігін алға тартты. Олар, біріншіден, мемлекеттік шығындармен жұмыс, екіншіден, технологиялық деңгейлерді саралау болса, үшіншіден, рухани дүниелерді жаңғырту жұмыстарымен айналысу керек деген ой қозғады. Міне, осы мазмұндағы

тақырыптардың барлығы бүгін жарық көрген «Экономика» еңбегінде орын алған. Ғалымның авторлығымен бөлісе келген экономистер де өз ойларын жеткізді. Академик Аманжол Қошанов: «Көптомдық экономикалық дамудың ғылыми негізі, ғылыми болжамы және экономикалық өсуге нақты тікелей құрал деп бағалаймын. Жаңа кезеңде Қазақстан қандай құралмен жауап беру керек деген мәселелерді қамтуымен маңызды», - десе ҚР ҰҒА академигі, ҚазҰУ профессоры Сағындық Сатыбалдин: «Елдің болашағына арналған үлкен еңбек. Қазақстан қайда бара жатыр, болашақ қандай болады, еліміз өсіп-өркендеудің қандай дәрежесінде деген сауалдар толық қамтылған», - деген баға берді. Тұсаукесерге келген болашақ экономист студенттер көкейлеріндегі сауалдарын жолдап, тұщымды жауап алды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

КӨРМЕ

28 қарашада Қазақстан мен Швейцария арасында ғылыми қарым-қатынасты нығайтумен достық, мәдени, білім және ғылыми тұрғыда тәжірибе алмасу мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Швейцария ғылымы» атты көрме өз жұмысын бастады. Көрмеде негізінен швейцариялық ғалымдардың осы уақытта дейін физика, тарих, астрономия және де басқа да ғылым саласында жеткен еңбектері фотосурет түрінде жиналып, жұртшылыққа таныстырылды.

## ҚАЗҰУ-ДА - ШВЕЙЦАРИЯ ҒЫЛЫМЫ

Кештің негізгі қонақтары ҚазҰУ-дың ректоры Ғ.М.Мұтанов және Швейцарияның ҚР Төтенше және өкілетті елшісі С.Неллен болды. Бұл шараға студенттер мен оқытушылар да қатысты. Көрменің ашылу салтанатында сөз алған С.Неллен екі ел арасындағы достық қарым-қатынасқа қуанышты екенін білдірді. Швейцария елі тек қана швейцар сағаттары мен шоколадтың отаны ғана емес сонымен қатар, атақты ғалымдардың да отаны екенін атап өтті. Осы көрмеде көрсетілген еңбектердің авторларының көп бөлігі Швейцария елінде білім алған немесе осы елде ғылыммен айналысқан ғалымдар екенін мақтанышпен атады. Ал Швейцарияның Цюрих университетінің профессоры П.Хенка қазақ елінде қазақша сөз саптап, өзге әріптестерінен ерекшеленді. Профессордың қазақ тілінде сөйлеуі жиналған жұртшылықтың ризашылығын тудырды. Ол өз сөзінде осы көрменің ұйымдастырылуына көп көмек көрсеткені үшін ҚазҰУ-дың ректоры мен әкімшілігіне ризашылығын білдірді.

Көрмеде 25 көрнекті ғалымның еңбектері фотопортрет түрінде көрсетілген. Сонымен қатар Швейцарияның көрнекті фотосуретшісі Э.Полдың таңдаулы еңбектері ұсынылды. Көрменің ашылу салтанаты аяқталғаннан кейін университет ректоры Ғ.Мұтанов пен шетелдік қонақтар ҚазҰУ-дың мұражайын аралап, жайылған дастарқаннан ауыз тиді. Көрменің алғашқы ашылу салтанатынан кейін шара Цюрих университетінің профессоры, әлеуметтік және мәдени антропология департаменті директоры П.Финкенің университет факультеттерінде оқитын дәрісіне ұласты. Көрме 28 қарашадан 9 желтоқсанға дейін жалғасады.

Жайнар КАКИРОВА,  
география және табиғатты пайдалану факультетінің 1 курс студенті

## НӘСІЛДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

(Басы 1-бетте)

Философия ғылымдарының докторы, профессор Нағима Байтенова «Ұлтаралық татулығы жоғары әрі әртүрлі нәсілдер шоғырланған елімізде нәсілдік кемсітушілік жоқ» деген ғылыми тұжырымдалған пікірін білдірсе, Дін істері департаментінің директоры Ершат Оңғаров «Ата Заңымыздан бастап барлық заңдар барлық азаматтарды, этностарды бірдей дәрежеде қабылдап, адам құқықтарына ортақ көзқараспен қарайды» деген ойын жеткізді. ҚазҰУ философия кафедрасының меңгерушісі, «Әл-Фараби» ғылыми орталығының директоры Жақып Алтаев нәсілдік кемсітудегі ислам дінінің құндылықтарына тоқталып: «Ислам діні мейірімділікті, барлық адам баласына тең көзқараспен қарауды негіз етеді. Ол нәсілдік кемсітушілікке мүлдем қарсы. Сондықтан ислам діні ешқандай ақтауды қажет етпейді», - деді.

Қазақстан Республикасы - Біріккен Ұлттар Ұйымының Нәсілдік кемсітудің барлық нысан-

дарын жою туралы халықаралық Конвенциясына қол қойған мемлекеттердің бірі. Осы орайда Қазақстан жүйелі түрде БҰҰ сессиясында еліміздегі аталған мәселеге қатысты жүзеге асып жатқан іс-шаралар жөнінде есеп беріп отырады. Қазақстан Республикасының есебіне БҰҰ-ның Нәсілдік кемсітуді жою жөніндегі Комитеті оң бағасын беріп, ұйым сарапшылары Қазақстанда әртүрлі этностық топтар мен конфессиялардың бейбіт жағдайда қатар өмір сүруіне қажетті жағдайлардың жасалғанына ризашылығын білдіріп келеді. Бүгінгі дөңгелек үстелде ғалымдар «Қазақстан нәсілдік кемсітушіліктен ада мемлекет. Дегенмен жаһандану заманында оның кескіні өзгеріп отыратыны жасырын емес. Сондықтан бұл тақырып ылғи зерттеп отыруды қажет етеді» деген тұжырымға келді. Әлем алдындағы осы тәжірибемізге нұсқан келтірмес үшін жаңа әдіс-тәсілдер мен зерттеулердің тұжырымдары жасалынуы керектігі айтылды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

## Открыта новая веб-лаборатория

В КазНУ состоялась презентация лаборатории развития контента и дизайна сайта университета при Центре стратегического анализа и прогнозирования. В мероприятии принял участие руководитель исследовательской группы лаборатории «Киберметрикс» при Высшем совете научных исследований (CSIC, Испания) Международного рейтингового агентства Webometrics Ranking of World Universities г-н Исидро Агуйо (Isidro F. Aguillo).

Презентация прошла в рамках Международного семинара по проблемам вовлечения отечественных университетов в мировой рейтинговый процесс, который с успехом прошел в КазНУ.

Работа лаборатории будет направлена на продвижение веб-сайта КазНУ, активное вовлечение студентов в процесс подготовки контента. 20 студентов-волонтеров разных факультетов будут собирать материалы, разрабатывать новые странички и готовить информа-

цию для университетского сайта, делать все, чтобы он был интересным, содержательным и привлекал много посетителей.

Во время встречи со студентами Исидро Агуйо отметил, что сейчас перед высшими учебными заведениями стоит задача вхождения в глобальное научно-образовательное сообщество. Для каждого университета, стремящегося к повышению своего рейтинга, важно присутствие в мировом web пространстве и

качественно представлять свою деятельность. Высокий гость рекомендовал размещать на сайте kaznu.kz информацию не только об университете, но и о стране. Например, исторический факультет может давать информацию о Государственном музее Казахстана, традициях и обычаях казахского народа, археологических памятниках и находках. Все это будет гарантированно способствовать расширению посещаемости сайта.

Во время встречи И.Агуйо ответил на интересующие студентов вопросы, призвал их активно освещать университетские события на веб-портале вуза и знакомить мир с достижениями коллектива.

Соб.кorr.

## Приятного ли аппетита?!

В 9 из 12 пунктов общественного питания действующих на территории КазНУ выявлены нарушения санитарных норм, правил охраны труда и пожарной безопасности. Об этом было заявлено на заседании комиссии по этике и ситуационному управлению университета, которое состоялось 25 ноября.

На момент проверки у некоторых работников столовых и кафе отсутствовали санитарные книжки, нет книг жалоб и предложений, инструкций по пожарной безопасности. Кроме того выявлен ряд нарушений реализации кулинарных изделий, хранения уборочного инвентаря

и баллонов с горючим газом. Персонал зачастую не одет в спецодежду, несвоевременно проводится санитарная обработка помещений. Оставляет желать лучшего и качество готовки блюд, студенты и преподаватели жалуются на их дороговизну и не большой выбор.

Руководитель аппарата КазНУ Кадрат Жусупов порекомендовал предпринимателям, предоставляющих услуги общественного питания, в кратчайшие сроки навести порядок в работе. «Санитарные нормы должны неукоснительно соблюдаться, а студенты и преподаватели получать качественное питание с высокой культурой обслуживания», - резюмировал он в завершение совещания.

Соб.кorr.



ЖАЛЫН ■

# Тәуелсіздікті ұлықтаған айтыс

Тәуелсіздік туын көкке көтерген, еңсесі биік, еліміздің 20 жылдық мерей тойына орай жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанынан құрылған «Жәдігер» клубының ұйымдастыруымен «Келді ғой, замандастар, бізге кезек» атты айтындар айтысы өткізілді.

Айтыс тақырыбы Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналғандықтан өз Отанында өркендеп, өзегіне от, жүрегіне қуат жинаған жастар өнер-білім жолында құлшынып осы 20 жыл ішінде жинаған жетістіктерін жырға арқау етті. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының ерен еңбегін, еселі үлесін жырлады. Кешегі ақиқатты арман тұтқан, шындықты шынға тіккен, алаш арыстары мен азаттық пен бостандықтың таңын аттырған желтоқсандықтарды да жырмен ұштастырды.

Айтысқа филология және әлем тілдер факультетінен, журналистика факультетінен, дайындық факультетінен

Қали Сапаұлы, Манас Қайыртайұлы, Рауан Қайдарұлы, Марғұлдан Ақанұлы, Орынбасар Бақытбекұлы секілді ақын студенттер қатысты. Жүйрік тілмен сайысқа түскен ақындарымыз өнердің әр саласында да өзгешеліктерін көрсете отырып, өздерінің бойындағы таланттарын тауға балап, тапжылмас тапқырлықтарын танытты.

Айтыс соңында төрешілердің шешімімен дайындық факультетінің тыңдаушысы Қали Сапаұлы барлық әріптестерінен оза шауып, бірінші орынға ие болды. «Отаным маған не береді демей, мен отаныма не берем» деген ұранды ұлықтаған ақынымыз, «қазақтың жоғын

жоқтасам» деп атамекеніне оралған кандастарымыздың бірі еді. Ол жоғары оқу орнына дейінгі дайындық факультетінің тыңдаушысы болса да, бойындағы дарын қуатын ел игілігіне жарату мақсатында үздіксіз құлшынумен келе жатқан дарынды азамат. Ал екінші орынға Марғұлдан Ақанұлы тұрақтап, үшінші орынға Рауан Қайдарұлы ие болды.

«Жастар – жарқын болашақ кепілі» дегендей ата-бабамыздың асқақ мұратын ардақтаған бүгінгі ұрпақтың қазақтың болашағына, Қазақстанның келешегіне деген зор үміті мен берік сенімділігі өремізді өркендетті. Ол шешендікпен тоғысқан тіліміз бен тірлігімізді ақиқатқа жалғаған студенттер айтысынан айқын көрінді.

Бұлбұл ҚАБДОЛДАҚЫЗЫ,  
ҚазҰУ-дың студенті

ҚазҰУ РЕКОРДЫ ■



## ҚазҰУ-дағы ең көне кітап

18 ғасырдан қалған, шамамен 300 жыл болған, нақты айтқанда, 1755 жылы жарық көрген, география саласына байланысты ескі қолжазба әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география және табиғатты пайдалану факультетінің «сирек кездесетін әдебиеттер» оқу бөлімінен табылып отыр.

«Камчатка жерінің сипаттамасы (Описание земли Камчатки)» кітабының 1-томы - жасы жағынан негізгі, танымал, ең ескі кітаптардың бірі. Бұл - Степанов Крашениковтың көп ізденісінің нәтижесінде жазылған туындысы. Бұл кітаптың жалпы саны 438 бетті құрайды. Бұл басылымда 1737-1741 жылдар аралығында Камчаткадағы саяхаты туралы айтылған. Сонымен қатар кітапқа оның Камчатканы зерттеу кезінде жазған рапорттары енгізілген.

Ең алғашқы орыс тіліндегі ғылыми комплексті еңбек, яғни мұнда бағалы ақпараттар дәл, нақты берілген. Ғылымның әр саласына – ботаникаға, зоологияға, ихтиологияға, лингвистика және тарихқа байланысты ақпараттар түгелімен қамтылған. Крашениковтың бұл зерттеуі әлемдік этнография география әдебиетінің туындысы ретінде лайықты орын алған. Бұл кітапқа рецензия жазғандардың бірі М.В. Ломоносов болған және жоғары бағалаған. Кітап бірнеше еуропа тіліне аударылған.

Гүлмира БАЙДРАХМАНОВА,  
География және табиғатты пайдалану факультетінің  
2 курс студенті

# Благотворительная акция

На факультете биологии и биотехнологии прошел благотворительный концерт для детей-сирот воспитанников детского дома №7 города Алматы. Мероприятие состоялось благодаря поддержке студенческой организации «Комек» во главе с председателем Перизат Шатаевой, доцента кафедры биоразнообразия и биоресурсов Зуры Есимсеитовой, председателя филиала профбюро факультета Жаннат Базарбаевой.

50 воспитанников интерната стали дорогими гостями факультета, перед которыми выступили молодые таланты эстрады Айдос Абуов, Азамат Тұрманов, студенты Академии искусств им. Т.Жургенова и биофака. Участники ансамбля танца исполнили композиции стран Востока. Порадовал детишек и профсоюз «Парасат», каждый из них получил подарок.

Соб. корр.



# ТЕГІМІЗДІ ТАЗА САҚТАЙЫҚ

(Басы 1-бетте)

Тектілікті таза сақтаудың маңыздылығы жан-жақты сараланып, араға көп күн салмай биология және биотехнология факультетінің биофизика мен биомедицина кафедрасының меңгерушісі б.ғ.д., профессор С.Т.Төлеухановтың қолдауымен «Телегония. Рита заңы» атты ғылыми семинар өз жұмысын бастап кетті. Ғылыми семинарды профессор Сұлтан Төлеуханов алғы сөзбен ашса, биология мамандығының 1 курс магистранты Назерке Жұмадиллаева қазіргі таңда биологиялық заңдылықтарға жастардың көп қызығушылық танытумен қатар, өздерінің білгендерін төменгі курс студенттерімен бөліскісі келетінін жеткізді. Ол «Телегония. Рита заңына» кеңінен тоқталды. «Телегония – пәктік туралы ғылым. Үйленіп, отбасын құрғандардың өз баласы болғанын қалайтыны белгілі. Бірақ көпшілігі болашақ ұрпағының денсаулығына пәктіктің қаншалықты әсер ететінін біле бермейді. Пәктік пен денсаулықтың байланысын

өткен ғасырда телегония құбылысы туралы жаңалық жасаған генетик мамандар ғана ашып айтып бере алды. Ең қызығы, дені сау ұрпақ әкелуге қатысты бұл ілімді малшылардан басқа ешкім білмейтін болып шықты», - деген ғылыми зерттеулерімен бөлісті. Жас зерттеушінің пайдауынша, қарапайымдар мен ұлылардың арасындағы құпияның сырын ашатын бұл құбылыс 19 ғасырда белгілі болса да, айтылмаған. Өйткені ол кезелген жыныстық қатынас төңкерісіне біржола тосқауыл қоятын еді. Бірақ бұл адамзат жауының жоспарына кірмеген еді. Оны қалай құпиялау керектігін тауып, энциклопедияға «телегония құбылысы дәлелденбеді...» деген кері түсінік жазған. Медицина ғылымының докторы, профессор Владимир Барабаш «Мәңгілік өмір» газетіне берген сұхбатында: «Біздің аталарымыз генетика тәртібін айнымас жол ретінде ұстанған: алғашқы серігі қыздың өмір бойғы генетикалық тұқым қуалау жүйесіне өшірілмейтін із қалдырады. Мәселе бала тууға қабілетті кезде тұқымқуалау механизмін өзгертетін гар-

мондар мен ферменттердің ағзаға түсетінінде емес. Сонымен қатар алғашқы түн адамның психикасына, генетикалық тұқымқуалау жүйесі мен иммунитетіне әсер етеді. Ал кездейсоқ кездесуден пайда болған шарана генетикалық, психологиялық, биологиялық тұрғыдан да нашар болады», - деді. Семинарда телегония сынды факторды елемей бүгінгі постиндустриалдық қоғамға кері әсер ететіндігі, ұлттар демографиялық дағдарысқа ұшырайтындығы және венерологиялық ауруларға, СПИД-ке, т.б. бейімдейтіндігі айтылды. Телегонияны елемесе этнос жойыла береді.

Ғылыми мәліметтер телегонияны жоққа шығармайды.

Мұсылман жүрегіндегі тазалық – арта қалушылық емес, керісінше, ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан нағыз өркениет. Бұл – болашақ ұрпақтың генетикасы туралы ойлану немесе дәстүр, контрацептивсіз, венерологиялық ауруларды жұқтыру қауіпінсіз ұрпақ өсіру. Дін тұрғысынан да, әлеуметтік жағынан да ең бастысы, маңыздысы – дені сау



ұрпағымыз.

Семинарға қатысушылар магистранттардың дайындаған видеороликтері мен презентация баяндамаларын тыңдады. Бұл семинардан қатысқан студенттердің ғылыми тұрғыдан тәлім тәрбиелігі мол ақпарат алғаны, ұстаздарымен өз ойларын бөліскенінен көруге болады.

Н.Т.АБЫЛАЙХАНОВА

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Еңлік АҚЖІПТ  
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ  
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

### МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.  
Таралымы – 1000 дана.  
Индексі 65989.  
Тапсырыс №10705

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.